

Павлодар облысындағы әлеуметтік-экономикалық ахуалды жақсарту жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 19 мамыр N 763

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Z990357_ Заңының 8-бабына сәйкес, облыстың жергілікті бюджеттері кіріс бөлігінің орындалмауына байланысты Павлодар облысындағы әлеуметтік-экономикалық шиеленісті бәсеңдету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Павлодар облысының облыстық бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды жүзеге асыру 2000 жылдың 1 желтоқсанына дейін тоқтатыла
т ұ р с ы н .

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.28. N 1162
қаулысымен. P 0 0 1 1 6 2 _

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.18. N 1407
қаулысымен. P 0 0 1 4 0 7 _

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі:
осы қаулының 1-тармағын іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын;
2000 жылдың 1 желтоқсанынан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 4 мамырдағы N 528 P990528_ қаулысымен бекітілген Облыстық бюджеттерден, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерінен республикалық бюджетке бюджеттік алулардың мерзімділігін қамтамасыз ету тәртібінің 6-тармағына сәйкес, бюджеттік алулар бойынша пайда болған жете төлемеушілік толығымен өндіріліп алынғанға дейін Павлодар облысының

облыстық бюджетінен республикалық бюджетке бюджеттік алуларды жүргізсін.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.28. N 1162
қаулысымен.

P001162_

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.18. N 1407
қаулысымен.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.